

ҚР-да өмірді сақтандыру жайлы жасалған үздік жұмыстар байқауын өткізу шарттары

Бөлім 1. Байқау өткізу ережесі

1 тармақша. Байқау өткізудің негізгі шарттары

1. Байқау ұйымдастырушының міндеттері:

- 1) Байқау барысында басқару және бақылау жүргізеді;
- 2) Шарттарды бекітіп, олардың жұмысын қадағалау;
- 3) Байқау әділқазылар алқасын бекітеді;
- 4) www.halyklife.kz Ұйымдастырушының ресми сайтында, әлеуметтік желілерінде және өзге БАҚ-та байқау жайлы ақпарат шығарады;
- 5) Байқау жеңімпаздарының бюджетін құрайды;
- 6) Байқау жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады;
- 7) Байқау нәтижелерін реттестіреді.

2. Байқау әділқазыларының міндеті:

- 1) Байқау шарттарына сәйкес материалдарды қарастырып, бақылауға алады;
- 2) Байқау жеңімпаздарын ортақ таңдап алуды қамтамасыз етеді;
- 3) Байқауда жеңімпаздарды марапаттауға қатысады.

3. Әділқазылар алқасына:

- 1) ҚКҚ басқарушы директоры;
- 2) Ұйымдастырушы Басқарма төрайымы;
- 3) Басқарма төрайымының орынбасары;
- 4) Өзге тәуелсіз тұлға.

4. Байқауға төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар қабылданады:

- 1) «Bilim-Life», «Зейнетақы аннуитеті», «Халық-Қазына», «Болашақ», «Бәйтерек» бағдарламалары жайлы интернет желісіндегі жұмыстар (аналитикалық және шолу мақалалар, сұхбат);
- 2) «Bilim-Life», «Зейнетақы аннуитеті», «Халық-Қазына», «Болашақ», «Бәйтерек» бағдарламалары жайлы видеожұмыстар (телебағдарламалар, видеосюжет, Youtube каналындағы видеолар, reels).

5. Байқауға қатысу шарттары:

- 1) Байқауға қатысуға арналған өтінім жазбаша түрде almaz@halyklife.kz электрондық поштасына 2025 жылғы 20 қазаннан кешіктірілмей жіберілуі тиіс.
- 2) Әрбір өтінімге материалдың атауы, жарияланған күні мен орны, автор туралы мәліметтер (Т.А.Ә., жұмыс орны, үй мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық поштасы) көрсетілген анықтама қоса тіркелуі қажет.
- 3) Өтінімге БАҚ-та немесе әлеуметтік желілерде жарияланған материал қоса тіркелуі тиіс.
- 4) Өтінімде көрсетілген барлық материалдар республикалық, қалалық немесе өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында немесе блогерлер/инфлюенсерлердің әлеуметтік желідегі жеке парақшаларында жарияланған болуы керек.
- 5) Блогерлер/инфлюенсерлердің REELS форматындағы жарияланымдарына қойылатын бағалау критерийлері:
- 6) Жазылушылар саны: кемінде 30 000 (отыз мың), белсенді оқырманы болған жағдайда;
- 7) Аккаунт тақырыбы: отбасылық, білім беру, қаржылық, лайфстайл контент (немесе аудиториясы – ата-аналар, жас отбасылар, 25 жастан асқан адамдар);

- 8) Reels жарияланымы @halyk_life бренд аккаунты белгіленіп, #HalykLife2025 хэштегімен, сондай-ақ www.halyklife.kz корпоративтік сайтына және 7123 байланыс орталығының нөміріне сілтеме жасалған болуы тиіс;
- 9) Reels жарияланымындағы лайктар мен пікірлер саны: кемінде 200 лайк және 50 пікір болуы тиіс;
- 10) Географиялық қамту аймағы: Қазақстан Республикасы.

6. Байқау жұмыстарын бағалау:

1. Компания атауы мен сақтандыру өнімдерінің дұрыс жазылуы және дұрыс айтылуы.
2. Сақтандыру өнімі туралы дұрыс сипаттама: оның артықшылықтары мен бәсекелестерден айырмашылықтары, өмірді сақтандырудың маңыздылығын түсіндіретін триггерлердің болуы.
3. Тілдік безендіру: сауаттылық, стиль, ойды нақты әрі анық жеткізе білу.
4. Оригиналдылық пен тақырыптық мазмұн: тақырыпқа жаңа көзқарас, оның өзектілігі мен аудитория үшін қызықтылығы, қазіргі қазақстандық қоғамда сақтандыру мәдениетін арттыруға бағытталған ұсыныстардың болуы.
5. Ақпарат сапасы: фактілердің дәлдігі, дереккөздердің шынайылығы, тақырыпты толық ашу, материалда сарапшылардың пікірлері немесе тәуелсіз көзқарастың болуы.
6. Талдау тереңдігі: өз ұстанымын дәлелдей білу, оқиғалар мен құбылыстарға талдау жасау, материал тақырыбына қатысты статистикалық немесе басқа қосымша ақпаратты қолдану.
7. Көрнекі безендіру: қолдануға болатын жағдайда фотосуреттер немесе бейнематериалдар сияқты визуалды мазмұндарды бағалау.
8. Этикалық қырлары: журналистік стандарттарды сақтау, материал кейіпкерлеріне құрметпен қарау, стереотиптер мен тараптас көзқарастың болмауы.
9. Байқау нәтижесі 2025 жылы 20 қарашада Компанияның ресми әлеуметтік желілерінде және сайтында шығады.
10. Байқау мақсаты:
 - 1) ҚР-да өмірді сақтандыруды кеңінен паш ету және дамуын нығайту;
 - 2) ҚР-да өмірді ерікті сақтандыруды көбейту;
 - 3) ҚР-да өмірді сақтандыру нарығының проблемаларына БАҚ тарапынан қолдау көрсету.

Байқаудың ақшалай сыйлықтарын беру шарттары

11. Әділқазылар 12 номинация бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

«Интернет желісіндегі үздік жұмыс» (қазақ тілінде)

- 1) 1 орын: 500 000 (бес жүз мың) теңге;
- 2) 2 орын: 300 000 (үш жүз мың) теңге;
- 3) 3 орын: 200 000 (екі жүз мың) теңге.

«Үздік видеожұмыс (қазақ тілінде; формат: телебағдарлама, видеосюжет, Youtube желісіндегі видео, reels)»

- 4) 1 орын: 500 000 (бес жүз мың) теңге;
- 5) 2 орын: 300 000 (үш жүз мың) теңге;
- 6) 3 орын: 200 000 (екі жүз мың) теңге.

«Интернет желісіндегі үздік жұмыс» (орыс тілінде)

- 7) 1 орын: 500 000 (бес жүз мың) теңге;
- 8) 2 орын: 300 000 (үш жүз мың) теңге;
- 9) 3 орын: 200 000 (екі жүз мың) теңге.

«Үздік видеожұмыс (орыс тілінде; формат: телебағдарлама, видеосюжет, Youtube желісіндегі видео, reels)»

- 10) 1 орын: 500 000 (бес жүз мың) теңге;

- 11) 2 орын: 300 000 (үш жүз мың) теңге;
- 12) 3 орын: 200 000 (екі жүз мың) теңге.

Әділқазылар алқасы Байқау жұмыстарын таңдау барысында қосымша номинациялар және жекелеген сыйлықтар беруді ұйғаруы мүмкін.

12. Байқау жеңімпаздары әділқазылар алқасының көпшілігінің ашық дауыс беруімен таңдалады.
13. Үздік жұмыстар Ұйымдастырушының ресми сайтында және әлеуметтік желісінде шығарылады.
14. 30 қыркүйектен кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.
15. Байқау нәтижесінде қарсылық, апелляция, талап етулер қабылданбайды.

5 бөлім. Сыйлықтарды алу ережесі

16. Байқауға қатысатын материалдар мен видеожұмыстарды жариялау шығындарын әр қатысушы өз мойнына алады.
17. Ұйымдастырушы ақшалай сыйлықтары жеңімпаздарының есеп шотына ақшалай аударылады, салықтар Ұйымдастырушы есебінен төленеді.
18. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықты алу кезінде жеке куәлігін көрсетулері қажет.